

УДК 340

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ НЕГІЗДЕРІ**

Туленова Айнур Мұхтарқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Аннотация

В этой статье автором анализируется защита прав человека в Республике Казахстан. Особое внимание обращено на теоретические и практические вопросы защиты прав человека.

Ключевые слова: защита прав человека, декларация ООН, теоретические и практические задачи в области прав человека.

Abstract

In this article, the author analyzes the protection of human rights in the Republic of Kazakhstan. Particular attention is paid to theoretical and practical issues of human rights protection.

Key words: protection of human rights, UN declaration, theoretical and practical tasks of human rights.

Адам құқығы-қазіргі замандағы өзекті мәселелердің бірі. Мемлекет те, партия да, жеке лауазымды тұлға да емес, жеке қарапайым адам өзінің құқықтары мен бостандықтары арқылы кез келген қызмет ортасында болуы керек. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылмайды және ол адамның туған сәтінен бастап өзіне тиесілі.

Құқық бірнеше мағындағы күрделі жүйе. Құқықтың құрылымы табиғи болуы мүмкін, яғни табиғи құқық адам мен қоғамның табиғатына байланысты, мысалы, әрбір адамның өмір сүруге, денсаулығын қорғауға, сақтауға құқығы бар. Бұл жайлы ата заңымызда да айтылып кеткен: «Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ» (15-бап). Сонымен қатар, құқық заңдар жинағы ретінде де қаралады. Мемлекет пен адам тығыз байланысты болғандықтан, адамның табиғи құқықтары, мемлекеттің тарапымен, заңдардың жүйесімен реттеледі.

Гуманизм – демократиялық құқықтық мемлекетке тән негізгі құндылық. Ол құқықтың іргелі қағидатына ғана емес, сонымен бірге адамға бағытталған мемлекеттік аппараттың құқықтық жүйесі мен оның бүкіл қызметінің басшылыққа алатын бағдары болып табылады. Мұндай пайымдау Қазақстан Республикасы Конституциясы 1 - бабының 1 - тармағында бекітілген: мәселен, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы делінеді. Олар Қазақстан Республикасының Конституциясының «адам және азамат» атты II – бөлімінде толық реттелген, ал 12 – баптың 1 – тармағында былай деп жазылған: «Қазақстан Республикасының Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі». [1, 183 б] .

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесі әмбебап болып табылады - бұл қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларында басымдыққа ие құндылықтар. Гуманитарлық құндылықтардың жалпы шегінде адам құқығы секілді, адамның өзі де орталық орынды иеленіп, басқаларға үстемдік етеді. Кез-келген демократиялық жүйе бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, қоғамның жетістіктері, оның жетілуінің және өркениеттеуінің көрсеткіші ретінде маңызды әлеуметтік және саяси-құқықтық институтты құрайды. Ол адамның рухани және материалдық пайдасына, билік механизмдеріне, ерік білдірудің құқықтық формаларына, оның мүдделерін іске асыруға қол жеткізу құралы. Сонымен бірге, бұл адамның жағдайын жақсарту, оның мәртебесін, қадір-қасиетін нығайтудың маңызды шарты болып табылады [2. 28 б].

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясына өзгерістер енгізілгенде, азаматтың құқықтары деген тарауды адам және азамат құқықтарына өзгертілді. Осылайша 1995 жылғы жаңа Конституциямызда жаңа тарау пайда болды. Себебі, азамат құқықтары, тек еліміздің азаматтары деген іспеттес қате түсінік қалыптастырған болатын, сондықтан жана заңда адам және азамат құқықтары деп толық дұрыс мағынаға өзгертілді.

БҰҰ Жарғысының аса маңызды ережесі дүниежүзілік қауымдастыққа адам құқықтарына басым көңіл бөлуді мойындауды және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын барша адамның нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан құрметтеуді, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды міндеттеуі болып табылады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы 200 тілге аударылып, көптеген елдердің Конституцияларына енгізілген Декларацияның басты мақсаты Қазақстан Конституциясынан да кең орын алған [3. 6 б]. Әсіресе декларациядағы: «Барлық адам болмысынан тең құқылы және азат болып туады. Барлық адамға ақыл-ой берілген, сондықтан бір-бірімен бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс», - деген қағиданың біздің мемлекетімізде қолдану тапқандығының бір айғағы – жүзден астам ұлт өкілдерінің тіл табысып, тату-тәтті өмір сүруінде. Бүкіл әлемнің миллиондаған жұртшылығы – үлкендерді де, кішілерді де осы құжаттар демеу тауып, көмек алатын болды. Күні бүгінге дейін дүние жүзіндегі барлық

елдер бұл құжатты адам құқығын қастерлеудің ең жоғарғы эталоны ретінде бағалап, оны үлгі етіп келеді.

Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының негізгі теориялық және тәжірибелік мәселелерін зерттеуге бағытталған жұмыстың нәтижесі ретінде келесілерді келтіруге болады:

Біріншіден, қазіргі кездегі демократиялық мемлекеттердің конституцияларын адам құқықтары мен бостандықтары концепцияларының бағыттарын біріктіруі арқылы өзін жетілдіріп отыр. Біз көптеген елдердің Конституцияларының мазмұнын салыстырмалы – құқықтық талдау әдісі мен зерттеу нәтижесінде (Ресей, Болгария, КХР, ФРГ, Түркменстан, Белгия, Украина, Қырғызстан Республикасы ж.т.б.) жазба Конституциялардың бәрінде бірдей әдеттегідей адам мен азамат құқығы, оның бостандығы мен міндеттері белгіленіп, бекітіліп берілетініне көзімізді жеткіздік. Мәселенің шындығын айтар болсақ, Өзбекстан Республикасы Конституциясының 25-ші бабында (1992 жыл): «Әркімнің бостандыққа құқығы бар және дербес құқықа ие» - делінсе, 43-ші бабында: «Өзбекстан халқының тарихи, рухани және мәдени мұраларын әрбір азамат қорғап, сақтауға міндетті» делінген. Пакистан Ислам Республикасының Конституциясының 11-ші бөлімінің 9-шы тармағында (1956 жыл): «Моралдық немесе көпшілікті тәртіпті сақтау мақсатында заңда қарастырылған әрбір ақылға қонымды шектеулерді сақтай отырып, барлық азамат бейбіт, қарусыз топтасуға құқығы бар» - делінген [4. 23 б].

Екіншіден, қағидалар адам құқықтары концепциясының негізі ғана емес, күнделікті қолданыстағы нормалардың ішінде ең тиімдісі болып келеді. Сонымен қатар олардың реттілігін немесе иерархиясын анықтау болып келеді. Адам құқығын негізгі және туынды етіп екіге топтастыруға болады. Негізгі қағидалар адам құқықтары концепциясы идеяларының айқын көрінісі болып табылады. Ал қосымша қағидалар болса негізгі қағидаларды айқындаушы, толықтырушы ретінде орын алады.

Үшіншіден, адам құқықтары мен бостандықтарын үш кезеңге бөліну классификациясы негізінде оларды жеке және ұжымдық деп, мемлекеттің құқықтарды жүзеге асыруына араласу белсенділігіне қарай негативті және позитивті деп топтастыру орын алатынын көріп, оның мемлекет пен адам және азамат арасындағы қарым-қатынасты реттеуде маңызы зор екенін көре аламыз.

Төртіншіден, заң мен мемлекеттің өзге нормативтік құқықтық актілері өте көп және олар әр алуан қоғамдық қатынастарды реттеуге араласатыны мәлім. Және осы әр алуандылықта заңшығарушылық және құқық қолдануда басты бағыт-бағдар болып табылатын адам және азамат құқықтарына үстемдік беріледі. Және олардың дұрыстығы мен тиімділігі адам құқықтарын қорғау мен қамтамасыз етудегі тиімділігімен бағаланады деп санасақ, аталған саланы реттейтін нормаларды жетілдіру керек екенін ескерген жөн. Аталған мәселені шешудегі тиімді жолдарының бірі болып адам құқықтары мен бостандықтары саласында мағлұматтарды жинақтаушы орталық банк құру болып табылады.

Бесіншіден, адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуші жаңа институт ретінде жұмыс істеп отырған институтына байланысты кей өзекті мәселелер өз шешуін табу керек деп санаймыз.

Адам құқықтары мен бостандықтары механизмін жетілдіру мақсатында ҚР президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі Комиссияға Парламентке мемлекеттегі адам құқықтарының жай күйі туралы хабар дар етіп отыру функциясын тапсыру керек. Құрастырылған жоспар бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі адам құқықтары мен бостандықтары, тұлға мәртебесі саласында өз үлесін қосады деген сенімдеміз.

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселесін шешуде бүгінгі күні үкімет пен барлық мемлекеттік органдар олардың дұрыс іске асырылуы мен қорғалуын қатаң түрде бақылауда [5. 67 б]. Осыған байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық механизмінің ең маңызды элементі ретінде мемлекеттің түрлі мемлекеттік органдар арқылы адам құқықтарын қорғау болып танылады.

Осы функциялар мен тапсырмаларды орындау үшін қажетті мемлекеттік органдар мен әкімшіліктер құрылады. Ең алдымен, адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғау оларды әртүрлі мемлекеттік билік тармақтары тарапынан конституциялық және құқықтық қорғау болып табылады. Адам құқықтары мен бостандықтары заң шығару мен құқық қолдану практикасының негізгі бағыты болып табылатыны сөзсіз.

Адам құқықтарын қорғаудағы халықаралық тәжірибе ретінде келесі құжатты жазсақ болады. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін, аса маңызды алғашқы халықаралық-құқықтық құжат 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданған, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы болып табылады. Осы құжатқа Бастама бөлімде былай мәлімделген: «Бас Ассамблея осы Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын оны орындауға барлық халықтар және барлық мемлекеттер әрбір адам мен қоғамның әрбір органы осы Декларацияны үнемі ескеріп, ағарту және білім беру жолымен осы құқықтар мен бостандықтарды құрметтеуге және ұлттық пен халықаралық прогресті шаралар жолымен олардың Ұйымға мүше мемлекеттер халықтарының арасында да, сондай-ақ олардың юрисдикциясында болатын халықтардың арасында жалпыға ортақ және тиімді танылуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге ұмтылатындай етіп жариялайды» .

Декларацияның 1-бабында былай деп жарияланған: «Барлық адамдар тумасынан өзінің ар-намысы мен бостандығында еркін және тең болады. Оларға ақыл мен ар берілген және олар бір-бірімен ағайындылық рухында әрекеттесуі тиіс». Осы жарияланған құқық 3-баппен күшейтіледі: «Әрбір адамның өмір сүруге, бостандыққа және жеке ісіне қол сұғылмауына құқығы бар». Адам құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті жанында Адам құқықтары жөніндегі комиссия құрылған болатын. Ол адам құқықтарының тұңғыш арнайы ұлттық мекемесі болды. Оның қызметінің негізінде адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылатын Елбасы саясатын жүзеге асыру болады. Ол өзімен мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдарды ауыстырмай, адам құқықтарын қамтамасыз ету ісіне елеулі үлес қосады. Бұл – адам құқықтарын қолдау мен қорғаудың қоғамдық және мемлекеттік механизмдерін күшейту де, осы сферада мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жасауға қатысу да, адам құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу де [6.158 б].

Адам құқықтары жөніндегі комиссия адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік механизмін жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды шешімдер қабылдауға өз үлесін қосты. Бұл Қазақстанның адам құқықтары жөніндегі халықаралық конвенцияларға, сондай-ақ БҰҰ азаматтық және саяси құқықтар туралы, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактілеріне қосылуы; халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар жөніндегі ведомство аралық комиссия құру; Білім және ғылым министрлігі құрылымында Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитетті ұйымдастыру.

Адам құқықтары жөніндегі комиссияның және оның Сараптық кеңесінің құрамына адам құқықтарын қорғау сферасында нақты тәжірибесі бар ҰЕҰ өкілдері кіреді. БҰҰ Даму бағдарламасының және ЮНЕСКО Кластерлік бюросының көмегімен Алматыда ТМД және Балтия елдерін аналогтары жоқ, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қазақ және орыс тілдеріндегі цифрлық кітапханасы сәтті іске қосылды. Ол халыққа адам құқықтарын қорғау сферасында тегін құқықтық ақпарат береді.

Өздерін мемлекеттік билік және лауазымды тұлғалар, республикадағы басқа ұйымдар тарапынан көрсетілген әділетсіз әрекеттер құрбаны санайтын жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін омбудсмен институты құрылған. Өзінің мәртебесі бойынша адам құқықтары бойынша уәкілетті тұлға нақты адамның бұзылған құқықтарын қорғайтын халықтық қорғаушы болып табылады. Ал жалпы алғанда Комиссия және омбудсмен, Қазақстанның құқықтық өрісінде бір-бірін толықтыра отырып, адам құқықтарын қорғау сферасына өз үлестерін қосады [7. 80-83 б].

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының мелекеті мен құқығының негіздері» Е.Баянов
2. Мемлекет және құқық теориясы / Н.И.Матузов және А.В. Малко-М редакторы: Заңгер, 2006 ж., 28 б.
3. А.Тасболатов . Бостандық пен құқық кепілі // Егемен Қазақстан,2007, 6-б
4. А.Алтай . Адам құқығына ешкімнің қиянат жасап, қол сұғуға қақысы жоқ // Заң, №12, 2014, 23-б
5. Трошкин Ю.В. Права человека: Учебное пособие.
6. Башимов М.С. Институт омбудсмена (Уполномоченного по правам человека). – Астана: «Фолиант», С.158
7. Ахметолла А.А. Становление института омбудсмена в Казахстане // С.80-83.

References

1. «Qazaqstan Respy'bli'kasynyn' meleketi men quqyg'ynyn' negizderi» E.Bai'anov
2. Memleket ja'ne quqyq teori'i'asy / N.I'.Maty'zov ja'ne A.V. Malko-M redaktory: Zan'ger, 2006 j., 28 b.
3. A.Tasbolatov . Bostandyq pen ququq kepili // Egemen Qazaqstan,2007, 6-b
4. A.Altai' . Adam quqyg'yna es'kimnin' qi'i'anat jasap, qol sug'y'g'a qaqysy joq // Zan', №12, 2014, 23-b
5. Tros'ki'n I'y'.V. Prava c'eloveka: Y'c'ebnoe posobi'e.
6. Bas'i'mov M.S. I'nsti'tyt omby'dsmena (Y'polnomoc'ennogo po pravam c'eloveka). – Astana: «Foli'ant», S.158
7. Ahmetolla A.A. Stanovleni'e i'nsti'ty'ta omby'dsmena v Kazahstane // S.80-83.